

КПО мен ТШО Астанада бірлескен семинар өткізді

3 ақпан күні Астанада газды кері айдау бойынша бірлескен семинар өтті. Оған «Теңізшевройл» (ТШО) мен «Карачаганақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» КПО компаниялары қатысты.

Өндіріс жөніндегі директор Грэхэм Скоттон басқарған ұңғымалық операциялар бөлімі қызметкерлері мен геология және кен орнын игеру бөлімінің менеджері Алдо Роверелер бар КПО компаниясы «Теңізшевройл» компаниясындағы әріптестерімен бірлесіп өткізілген семинар өткізді. Семинар кезінде екі жақ та Қарашығанақ пен Теңіз мұнайгаз кен орындарында газды кері айдау жұмыстарының өндірістік процестері кезінде жеткен жетістіктері мен білімдерін көрсетті.

Бұл «ҚазМұнайгаз» ҰК (КМГ) өтініші бойынша өткізілген алғашқы бірлескен шара екенін атап өтуге тиіспіз. Семинарға энергетика және минералды ресурстар Министрлінен (МЭМР), кен ор-



нын игеру Орталық комитетінен (ЦКР), «ҚазМұнайГаз» ҰК-ынан» көптеген құрметті қоңақтар, сол сияқты Қазақстан Республикасының әртүрлі маңызды техникалық ұйымдарынан өкілдер қатысты.


Көптеген салалық мәселелерді талқылау мен кәсіби тәжірибе алмасу аяқталғаннан кейін, семинарға қатысушылар өз жұмыстарын аяқтады. Семинардың жабылуында NIPneftegas компаниясының өкілі және ЦКР мүшесі Олег Герштанский сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткізілген семинардың маңыздылығы мен жемістілігін атап өтті және осындай шаралардың болашақта да жалғасын табатынына үміт артты. Сөз соңында Герштанский мырза семинарға қатысушыларға қызықты баяндамалары үшін алғыс айтты, сол сияқты кен орындарындағы газды кері айдау процесінің жоспарлы ұлғайтылуы екі кен орында да мұнай мен газ өндіруді көбейту үшін жылдам темпмен орындалуы тиіс деген байлам жасады.

Франческо Бентивенья жаңа жұмысқа ауысты

Қарашығанақ кәсіпорнында 17 жылдай, соның ішінде КПО-ның заң мәселелері бойынша Бас кеңесшісі ретінде 12 жыл, сонымен бірге компанияның әділет департаментінің басшысы болып жасаған Франческо Бентивенья КПО-дан басқа жұмысқа ауысып кетіп бара жатыр.

Франческо Қарашығанақ кәсіпорнының жұмысына 1993 жылы тартылған болатын, сондықтан заңды түрде КПО-ның ең құрметті де еңбегі сіңген қызметкері болып саналады. Франческо енді «Аджи Карачаганақ Б.В.» (Астана) компаниясында әділет мәселелері менеджері қызметінде жасайтын болады. Сонымен бірге ол мердігерлердің заң тобына әділет комитетінің төрағасы ретінде басшылық ететін болады.

Әділет департаментінің басшысы қызметіне байланысты ұйымдастыру мәселелерін жүзеге асыра отырып, Франческо Қарашығанақ жобасының дамуына қомақты үлес қосып, КПО-ның бас кеңесшісі ретінде маңызды рол атқарды. Ол өнімді бөлісу жөніндегі Негізгі Келісімге (ОСРП) қол қоюға әзірлік пен оны дайындау жұмыстарына және қазақстандық өкілетті орындармен келіссөзге белсене араласты. Бұдан басқа 2007 жылы Қарашығанақ газының сатып алу-сату ұзақ мерзімді келісім-шартының қол қойылуына белсене қатысты, бұл сөзсіз Қарашығанақ кен орнының өркендеуіндегі, сондай-ақ төрт акционер компания үшін де, жалпы Қазақстан Республикасы үшін



де маңызды іс болып табылады.

Ол КПО-ның әділет бөлімін жемісті және кәсіби басқара білді, заңгерлер командасын шын мәнінде мықты, кәсіби етіп жасақтап шығарды. Кез-келген күрделі, не проблемалық мәселе бойынша соның шешімді ол қабылдайды. Бұдан басқа, қажет жағдайда, ол қандай да бір маңызды заңнамалық мәселелерді реттеп отыру үшін Қазақстанның жоғары лауазымды адамдарымен ресми кездесулерге де қатысты.

КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази Франческоға КПО-ның өркендеуіне қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс айтып, оған жаңа қызметте табыстар тіледі. Өз кезегінде Франческо өзімен жұмыстас болған КПО-ның барлық қызметкерлеріне алғыс айтты және «КПО-да жұмыс жасау мен үшін үлкен құрмет болды, өйткені бұл мен үшін ерекше компания болып та-

былады. КПО-да жұмыс жасаған уақыт ішінде маған ерекше адамдармен, әртүрлі елдер мен мәдениет өкілдерімен танысып, жұмыстас болу бақыты бұйырды. Сіздер жайындағы әдемі естеліктер менің жадыма мәңгі сақталады. Компанияның барлық қызметкерлеріне менің өмірімді және КПО-дағы жұмысымды соншалықты ерекше, әрі қызықты өткені үшін ризашылығымды білдіремін. Мен өзімнің жаңа қызметімді бастауға асығулымын, сонымен бірге мен жаңа қызметте КПО-ның көптеген қызметкерлерімен Қарашығанақ жобасы бойынша жұмыс жасай беретін боламын. Әздеріңізді сақтаңыздар және сіздерге барлық жақсылықты тілеймін», - дегенді қосып айтты. «Новости Карачаганақ» газеті өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Франческо Бентивеньяға деген құрметтерін білдіреді және жаңа қызметте табыстар тілейді.

Мира Себенова - «Жеке тұлғаны дамыту секциясының үздік қызметкері»

КПО-ның оқу орталығында «Оқу мен жеке тұлғаны дамыту секциясының 2009 жылғы үздік қызметкері» жариялау рәсімі болып өтті. 2009 жылдың сәуір айында секцияның ең үздік қызметкеріне байқау жарияланған болатын. Байқау 6 айға созылды. Осы уақыт өткеннен кейін, жеке тұлғаны оқыту мен дамыту жөніндегі жоспардың орындалуы секцияның әрбір қызметкері бағалады. Кешенді талдау жұмыстарының нәтижесі бойынша 2009 жылдың қазан айының соңына жоспарды 90 пайыз орындау нәтижесімен Мира Себенова «секцияның үздік қызметкерінің» жеңімпазы болып танылды. Мира жастығына қарамастан күрделі тапсырмаларды да жеңіп орындап шығады. Ол жаңа жобаларға үлкен энтузиазммен кірісіп және оны тамаша аяқтап шығады. Мира корпоративті бөлімдерді дамыту және оқытумен айналысатын топтың көшбасшысы. Ол өз әріптестеріне жан жақты қолдау көрсететін, жауапкершілік жүгін мойнына алуға қорықпайтын, өзінің уақытын мен жұмысын тамаша жоспарлай білуімен ерекшеленетін адам. Мира одан күткендегіден де асыра орындап шығады, күл дегенін, жапондықтардың пікірінше, табысты басты құпиясы.

Біз Миранан өз табысының құпиясымен бөлісуді сұраған едік:

- Мира, өзіңіз туралы әңгімелел берсең?

- Мен Оралда туып-өстім. 2003 жылы орта мектепті бітірдім. Мектеп бітірісімен М.Әтемисұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2008 жылы юриспруденция мамандығы бойынша үздік диплом алып шықтым.

- Сен өзіңнің КПО-дағы қызметіңді қашан және қалай бастадың?

- 2006 жылдың 13 маусымы - менің КПО-дағы 1-ші жұмыс күнім. Мен жеке



тұлғаны оқыту секциясына ассистент болып келдім. Бұл жерде мені куана қарсы алды және өз тәжірибелері мен білімдерімен бөлісіп отырды. Қазір мен жеке тұлғаны оқыту және дамыту маманы болып жұмыс жасаймын.

- Жеке тұлғаны дамыту секциясы немен айналысатыны туралы айтып берсең?

- Жеке тұлғаны дамыту секциясы КПО қызметкерлерін дамыту процесін жасақтайды, оны басқара отырып, қадағалайды, оқу мен дамыту қажеттілігіне сараптама жасайды және оқуды бағалау тәсілдерін жасайды. Желілік менеджерлермен бірлесіп отырып, оқыту мен дамытудың жеке жоспарын жасайды және енгізеді, бөлімдерге жеке тұлғаны оқыту мен дамыту бағдарламасы шығынын (жол шығыны мен сонда тұру шығынын қоса есептегенде) бағалау кезінде қолдау көрсетеді. Соңғы 2 жылда біздің секция құзырлығы негізінде Моделдер жасау мен енгізумен, сол модел бойынша оқыту мен дамытуға деген қажеттілігін анықтау үшін жеке тұлғаны бағалаумен айналысады. Бұл біздің секция айналысатын істердің бір бөлігі ғана.

- «Жеке тұлғаны дамыту секциясының үздік қызметкері 2009» атағын жеңіп алуға саған не көмек етті?

- Шынымды айтсам, бұл мен үшін күптеген жаңалық болды. Біздің мамандарымыздың барлығы да үздік қызметкер атағына лайық. Олардың қай-қайсысы да кез-келген сәтте көмекке де, тәжірибелерімен бөлісуге де әзір - қиын жағдайларда көмектесетін қасиеттер ғой.

Сонымен бірге біздің жұмыста ең бастысы - негізгі мақсатты анық білу және қойылған міндетті орындап шығу, барлық мәселеде құзырлылық танытуға тырысу, әріптестерінің жұмыс тәжірибесінен үйрену, жіберген қателіктерді қайталамау, рационалды шешім табу болды.

- Сенің ойыңша, жұмысыңдағы ең қызықты не деп ойлайсың?

- Біздің жұмысымыздың маңызды және негізгі элементі болып коммуникация табылады. Басқа департаменттермен, өзге мамандық иелерімен, әртүрлі қызметтегі және әртүрлі жастағы адамдармен коммуникацияда болу, әртүрлі елдер мен бағыттардың оқу орталықтарымен байланыс - бұның барлығы жаңа білім мен тәжірибенің таусылмас көзі.

- Жұмыста қандай кедергілер мен қиындақтар кездесіп тұрады?

- Біздің міндеттеріміздің басым бөлігі курстар мен семинарлар ұйымдастыру болып табылатындықтан, қиындақтар негізінен ұйымдастыру істерінде жатады. Сонымен бірге шараларды атқаруда көбінесе белгіленген уақыт сақталмайды, көпшілігі біздің КПО-ның бірнеше департаменттерімен бірлесіп отырып жұмыс жасайтынмызды түсінбейді. Ал сұралған ақпараттың уақытылы жеткізілуі қойылған міндеттің табысты және тез шешімін табуының кепілі болып табылады. Жеке тұлғаны оқыту мен дамыту маңызды рөл атқарады, өйткені қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру КПО-ның басты бағыттарының бірі болып табылады. Осы

жайды компания қызметкерлері сезінген жағдайда біздің жұмысымыз тиімді бола түсер еді.

- Сен қалай ойлайсың: осындай байқауларды ұйымдастыру қажет пе? Олардың мақсаты не?

- Мен қажет деп ойлаймын. Өйткені бұндай байқаулар тиімділікке итермелейтін факторлардың бірі болып табылады.

- Секцияның жұмысын қалай жақсартуға болады? Нақты не істеу керек?

- Жақында біз бір департаменттің сұрауы бойынша біздің бөліміңіз құрылымы жөнінде тұсаукесер өткіздік. Кім немен айналысатыны туралы айтып берді. Бұл сол бөліміңіз қызметкерлеріне де, біздің өзімізге де пайдалы болды деп ойлаймын. Қандай мәселемен кімге сөйлесу керек екенін бәрі біле бермейді ғой. Осындай нәрселерге кейде көп уақыт жіберіп аламыз. Көп нәрседен хабары болу уақытты үнемдейді және КПО-ның бөлімдері арасында өзара байланысты жақсартыды.

- Секцияның мамандарын ынталандыру үшін тағы қандай шаралар өткізуді ұсынар едің?

- Осындай байқаулардың өткізіліп тұруы, оқу, білімді дамыту мүмкіндігі, біздің мамандардың ашық семинарлар мен курстарға қатысуы, жаңа жобалармен жұмыс тәжірибесі, жаңа идеялар мен тәсілдердің ынталандырылуы, сол сияқты басшылар мен басқа бөлімдер жағынан қарама-қарсы байланыс өте маңызды. Міне, осылар меніңше, біздің секция мамандарының өз істеріне құштарлығын оятатын сияқты.

- Мира, шын көңілден берген жауаптарыңа үлкен рахмет. Қол жеткен табыстарға марқаймай, жаңа белестерді бағындыра беруіңе тілектестіміз!

Ләззат Кинов: 2009 жыл күрделі сынақтар мен масштабты табыстар жылы болып белгіленді

Аяқталған жылдың қорытындылары мен болжаулары туралы «Қазақстанская правда» газетінің бетінде энергетика және минералды ресурстар министрлігінің вице-министрі Ләззат Кинов былай деп сұқбат берді.

- Ләззат Кететбайұлы, өткен жыл өте күрделі болды. Экономикалық катаклизмге қарсы тұру қабілетінен мұнайғаз секторына да емтихан тапсыруға тура келді. 2009 жылы мұнайдың әлемдік бағасы үш есе арзандады. Жылды шығарып сала отырып, сіз ішкі нарықтағы жағдайды қалай бағалар едіңіз?

- Шынында да, 2009 жыл мұнайшылар үшін жеңіл болған жоқ. Өйткені мұнайғаз кешені экономиканың басқа салаларынан бөлек жұмыс жасай алмайды. Мұнайшыларға эксплуатациялық жұмыстардың көлемі мен бұрғылау көлемін кәдімгідей азайтуға және барлық жерден үнемдеуге тура келді. Бұл орайда біз адамдарды қысқартуға, айлық жалақыны төмендетуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалатын қаржыны азайтуға (азайса да білінер-білінбес) жол бермегенімізді мақтанышпен айта аламыз. Мен бұл біздің басты табысымыз деп есептеймін.

Егер 2008 жылы біз 70 млн. тонн. астам мұнай өндірсек, өткен жылы 75,6. Әлемде болып жатқан өзгерістердің қасында бұл жаман нәтиже емес деп ойлаймын. Өндіруде біз Теңіз бен Қарашағанақ кен орындарының есебінен, сол сияқты соңғы жылдары ашылған бірқатар шағын жаңа кен орындарының есебінен өсіруге қол жеткізгенімізді айтуға тиіспіз.

- МЭМР әлсіз-әлсін көтеріліп кетіп отырған ЖЖМ бағасын тұрақтандыруға түбегейлі кірісті: ең «халықтық» жоғарыотанды бензин қазір 82 теңгенден қымбат емес. Сіздің ойыңызша проблеманың негізі неде? Бұл бағытта перспективада қандай жоспарлар бар?

- Бұл біздің еліміздің барлық асама-

тына қатысты мәселе. Қазақстандағы жұмыс жасап тұрған 3 НПЗ бүкіл республиканы жоғарыотанды бензинмен қамтамасыз етуге техникалық және технологиялық мүмкіндіктері жоқ. Бензиннің жоғарыотанды маркасының 30-35 пайызы дәстүр бойынша Ресейден тасымалданады. Өткен жылдың қазан айында біздің солтүстіктегі көршімізде бензиннің жоғарыотанды маркасының бағасы есе бастады, өйткені ондағы мұнай бағасының деңгейі әлемдік бағаға байланысты. Ал бұл кезде біздің өңірде отынның барлық түрінің бағасы тіркелген болатын. Әрине, көрші Ресейден жоғарыотанды бензин тасымалымен айналысатындар үшін бұл шаруа тиімсіз болып қалды. Сондықтан да бізде жоғарыотанды бензиннің тапшылығы сезіле бастады. Бұл республика экономикасын отынмен қамтуды дисбалансқа алып келді, яғни онша дұрыс емес әрекеттерге бардық. Мысалы, төмендеу баға қойылған АИ-80 бензиніне әртүрлі еріткіштер, катализаторлар қосу арқылы жоғарыотанды бензин жасала бастады. Елбасы халықпен тікелей байланыс эфирінде бензин бағасын көтермеу туралы арнайы тапсырма берген болатын. Осыған орай біздің алдымызда қазан-қараша айларындағы бензин бағасын сол қалпында ұстап тұру міндеті тұрды. «Қолмен басқаруға» көшеге тура келді. Бізде жеткілікті АИ-80 бензинінің, дизельді отынның бағасы бір жыл жарым-екі жылдай бір орында тұрды. Желтоқсан айынан бастап АИ-92 мен АИ-93 бензинінің бағасын Қазақстан бойынша 82 теңге деп белгіледік, өйткені бензиннің осы маркасын көбіне-көп бақуаттылығы орта деңгейлі автокөлік иелері пайдаланады. Бірақ біз АИ-95 пен АИ-96, -98 бензиндерінің бағасын реттеп отырған жоқпыз, өйткені бұндай отынды пайдаланатын автокөліктердің иелері бұл бензинді базардағы бағасымен де сатып ала алады. Мен алдымызға қойған міндетті орындап шықтық деп ойлаймын. Алынған шаралардың дұрыстығын уақыт

дәлелдеп берді.

Ал Ресейде баға төмендеу тенденциясы жүріп жатыр. Баға 82 теңгеден де төмен болып белгіленуі мүмкін. Бұл жөнінде біз шешімді АЗК және АРЕМ-мен бірлесе отырып қабылдайтын боламыз. Яғни 82 теңгенің өзі қалыптасқан жағдайға қарай өзгеретін баға. Енді біз АИ-80 бензинінің, дизельді отынның бағасына да осындай принципті қолданбақшымыз және алғашқы жартыжылдыққа кесте жасамақшымыз. Ал 1 шілдеден бастап Кеңенді одақ толыққанды жұмыс жасай бастайды, сондықтан бізге анализ жасап, алдағы іс-әрекеттерімізді анықтап алуға тура келеді. Мүмкін бізде Ресеймен бірдей баға болатын шығар.

- ЖЖМ бағасын ауыздықтап ұстаумен бірге НПЗ-ны реконструкциялау мәселесі де тығыз байланысты ғой. 2009-2015 жылдарда зауыттарды жандандырудың кешенді жоспарын жүзеге асыру үшін қанша және қандай қаздерден қаржы бөлінбекші?

- Мұнайөңдеу кешенін дамыту қажеттілігіне Мемлекет басшысы бірнеше мәрте назар аударған болатын. Шамамен төрт миллиард доллардан асатын зауытты модернизациялау, біріншіден, мұнайды қайта өңдеу бойынша зауыттардың құаттылығын жылына 17 млн. тоннаға дейін көбейтеді, екіншіден, Евро-3, кейіннен Евро-4, Евро-5 талаптарына сай жоғары сапалы мұнайөнімдерімен қамтамасыз етеді. Әрбір зауытта процессингтің бағасы, яғни бір тонна мұнай өңдеудің құны белгіленген. Ал бұл дегеніңіз қолдану шығындарын жабуға, жұмысшыларға айлық жалақы төлеуге және азырақ табыс табуға мүмкіндік береді. Реконструкция жасау үшін процессингтің бағасы еседі деп жоспарланып отыр. Демек, мұнай игеруші компания өз табысын зауытпен бөлседі, сөйтіп соңғысы реконструкция жасап алуы қажет. Процессингтің бағасы қаншаға есетінін МЭМР, АРЕМ және АЗК техникалық-экономикалық негізде, әрбір

нақты зауыт реконструкциясының жобалық құжаттарына сай бірлесе отырып шешетін болады. Қажетті қаржының көлеміне орай инвестициялық тариф анықталады, ол процессинг бағасына қосылады. Осы ақшаның есебінен зауыттардың реконструкциясы жасалады.

- Өткен жылы көмірсутегіні тасымалдау саласында ірі жобалар жүзеге асырылды. Мысалы, Кеңияқ-Күмкөл мұнай желісінің, Қазақстан-Қытай газ желісінің құрылысын айтуға болады. Бұл бағытта елімізде жасалып жатқан жұмыстар кенпайдаланушыларға қандай мүмкіндіктер береді?

- Біз Қытайға мұнай желісін тарту арқылы Ресеймен, Иранмен, Азербайжанмен жұмыс жасауға мүмкіндігіміз бар. Бағасына келісе алмасақ, басқа бағытта басқа мүмкіндіктер табылады. Газ жөнінде де соны айтуға болады: бұрын газ тек «Газпромға» «жабысып» тұрса, Түркіменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай газ желісі ашылысымен бізде газ тасымалдайтын екінші бағыт пайда болды. Біз Қазақстанның батысынан келе жатқан Бейнеу-Бозай-Шымкент газ желісін тұрғызып, оңтүстік аймағын көгілдір отынмен қамтамасыз ететін боламыз.

- Ләззат Кететбайұлы, жаңа жыл келді. Мұнай бағасы, мұнай өндіру деңгейі және басқа да қандай көрсеткіштер бойынша болжам айта аласыз?

Кейде тұтас институттар, компаниялар болашаққа болжам жасап, сонда да дәл үстінен түсе алмай жатады. Біз жыл сайын шамамен 2-2,5 млн. тоннаға мұнай өндіруді көтеріп отырамыз. Егер дағдарыс тоқтайтын болса, біз өндіруді осы деңгейін ұстап тұратын шығармыз. Ал газбен жағдай жеңілдеу: «Газпроммен» келісімге қол қойылды, оған қосымша Қытай бағыты ашылды. Мұнайды тасымалдауда бізде проблема жоқ: оны ешқандай қиындықсыз алып шығуға мүмкіндік беретін жүйе қалыптасты. (Сұқбат қысқартылған күйінде берілген).

«Ақсайгазсервис» және «Қазбұрғаз» ТҚ бойынша үлкен көрсеткішке қол жеткізді

Қазақстандық компаниялар «Ақсайгазсервис» және «Қазбұрғаз» еңбек ұжымдары ТҚ бойынша жұмыс уақытын жоғалтпай және жарақат алу оқиғасынсыз үлкен көрсеткішке, 1 миллион адам-сағатқа қол жеткізді.

Осы екі компанияның бірлескен табысы барлық қызметкерлердің техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғаудың озық тәсілдеріне ұмтылысының жемісі болып табылады. Бұл табыс КПО компаниясының өз мердігерлерінен КПО-ның барлық өндірістік нысандарында қауіпсіздік мәселесіне саналы және жауапты қарауын талап ету жұмыстарының сөзсіз жемісі болып табылады.

2010ж. 5 ақпанында өздерінің қазақстандық әріптестерін осы үлкен табыспен құттықтауға және ескерткіш наградалар табыс етуге КПО қызметкерлері, ұңғымалық операциялар бөлімінен Джакомо Тогноли, Сабатино Маззизи, Владимир Судаков және Вадим Бовттар келді.

«Ақсайгазсервис» және «Қазбұрғаз» компаниялары бірталай жылдардан бері КПО-мен бірлесе жемісті жұмыс атқарып келе жатқанын айтуға тиіспіз. Екі компания да экономикалық дағдарысқа байланысты қиын уақыттарда жоғары сенімділік пен тұрақтылық көрсеткен алдыңғы қатарлы жергілікті кәсіпорны болып табылады.

Бұл компанияларда еңбек ұжымына деген қамқорлық бөрінен бұрын, қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан басқа, ТҚ, ЕБ және ҚОҚ саласындағы жұмыстардың тиімділігі үнемі арттырылып отырылады. Сол сияқты бұл компанияларда жас мамандардың кәсіби өсіуіне көп көңіл бөлінеді.

Өсіресе, «Қазбұрғаздың» президенті Жолдасқали Өтебайев туралы бірер сөз айта кеткіміз келеді: ол тек өз әріптестері арасында ғана емес, Ақсай тұрғындары арасында да лайықты бедел мен құрметке ие.

Техника қауіпсіздігін мүлтіксіз сақтай отырып, жоғары өндірістік нәтижелерге жету – бұл тек КПО персоналдың ғана алға қойған мақсаты емес, мердігерлік ұйымдардың да, тауар жеткізушілердің де, жалпы өндіріске қатысы барлардың барлығының да мақсаты. Өйткені Қарашағанақтағы ТҚ мен ҚОҚ стандарттары бөріне бірдей.

IV технологиялық желінің құрылысы жалғасуда

Бүгінгі таңда Қарашағанақ кен орнында жүзеге асырылып жатқан IV технологиялық желінің құрылысының жобасы шын мәнінде барлық құрылысшылар үшін нағыз сынақ болды, өйткені олар бекітілген кестеден бірнеше ауытқушылыққа баруға мәжбүр болды. 2009 жылдың маусым айында жобаның жаңа менеджері және оның орынбасары жоба құрылысының жаңа тәсіл бойынша салынатын жаңа жоспарының бастамашысы болды. Жаңа жоспар нысанның құрылысымен айналысып жатқан команданы қайта ұйымдастыру немесе жаңарту, нысан құрылысының жұмыс кестесін өзгерту, сөйтіп, құрылыс барысында туындаған барлық қиындықтар мен проблемалардың жолын тауып, сол сияқты осы нысанның құрылысымен шұғылданушы мердігерлерге ерекше көңіл аударудан тұрады.

Жобаны басқару командасының мүшелерінің барлығы алға қойған мақсатқа қол жеткізуде және құрылысшылар командасының белгіленген міндеттерді жүзеге асыру барысында үлкен күш жұмсады. Көрсеткіштерді жақсарту үшін әрбір мүмкіндікті пайдалану қажет болды. Осы мақсатты орындау үшін жобаны басқару командасы жоғары басшылықтың қатысуымен екі форум өткізуге өз мердігерлерін шақырды. Алғашқы форум 2009 жылдың шілде айында өтті. Форумды өткізу нәтижесінде ұжымдық жұмыстарды жүргізу ережелері туралы хартияға қол қойылды, сол сияқты жоба құрылысына тартылғандардың барлығы үшін мақсат белгіленді. 2009 жылдың желтоқсанында өткізілген екінші форум қол қойылған хартияның қазірге шейінгі уақыт ішіндегі нәтижесіне баға берді және IV технологиялық желінің құрылысын жүзеге асыруда екі тараптың мүдделерін толықтай реттеуді қамтамасыз етті.

Құрылыс процесі мұқият жоспарланған және құрылыс жұмыстарының қатаң кестесі бойынша қадағаланып отырады. Құрылыс жұмыстарының барысы алпа сайын өткізілетін әрбір жиналыста сараланады. Жиналыс барысында содан кейінгі төрт аптаның жұмыс жоспары талқыланады. Осындай шаралардың жүргізілуі нысан



құрылысында 2009 жылдың екінші жартысында үлкен прогреске жетуге, жалпы 19 пайызды құрауға мүмкіндік берді. 2009 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 11 пайыз ғана еді.

Бірақ та, IV технологиялық желі құрылысының менеджері Карл Робертс соңғы 6 ай ішінде жасалған жұмыстарды ескере отырып, барлық құрылыс жұмыстарының аяқталуы үшін әлі біраз бектен мойындайды.

«Соңғы 6 ай жобаны басқару командасы үшін өте қиын болды, бірақ соған қарамастан біз өз жұмысымыздың нәтижесіне ризамыз. Біз мердігерлермен бірге бір командадай болып жасадық. Қазірдің өзінде құрылыс жұмыстарының 70 пайыздан астамы аяқталды. Біз нысанның құрылысын толық аяқтауға бар күшті жұмылдыруымыз қажет, яғни нысанның кілтін тасыруымыз керек. Қазір біз құрылыстың аяқталу кезеңіне белсенді әзірленіп жатырмыз, түпкі мақсат 2011 жылдың бірінші жартысында көмірсутегіні қайта өңдеу», – деді Карл.

Сөз соңында IV технологиялық желі құрылысында 20-дан астам мердігерлік компания жұмыс жасап жатқанын, олар негізінен қазақстандық компаниялар болып табылатынын атап өткіміз келеді.